

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылы әкімінің 2019 жылғы 6 қарашадағы № 2-р шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 12 қарашада № 8744 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сарыкөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 15 шілдедегі № 01-20/110 ұсынысы негізінде Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Сарыкөл ауданының Тимирязев ауылы әкімінің "Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 1 шешімінің (2019 жылғы 8 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Сарыкөл ауданының Тимирязев ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Сарыкөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Тайпакова